



Abilympics
Astana-2025

ВЕБ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Конкурс ережесі

Астана қ., 2025ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Бас сырапшы

Ұлықпанова А.Қ.

« » 2025 ж.

«БЕКІТІЛДІ»

Астана қаласы

Білім басқармасының басшысы

Сенғазыев Қ.С.

2025 ж.



**«Веб-технология» құзыреті бойынша Астана қаласының 16 – 22 жас аралығындағы техникалық және кәсіптік білім беру колледждерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттеріне арналған «Abilympics Astana-2025» қалалық чемпионатын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Веб-технология» құзыреті бойынша «Abilympics Astana-2025» қалалық чемпионатын Астана қаласының білім басқармасы өткізеді.
- 1.2. «Веб-технология» құзыреті бойынша «Abilympics Astana-2025» қалалық чемпионатының ұйымдастырушысы «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ Жоғары колледжі болып табылады.
- 1.3. «Веб-технология» құзыреті бойынша «Abilympics Astana-2025» қалалық чемпионаты сапаны бағалай отырып, нақты тапсырмаларды орындауды көздейтін жарыс болып табылады.
- 1.4. «Веб-технология» құзыреті бойынша «Abilympics Astana-2025» қалалық чемпионаты Астана қаласының техникалық және кәсіптік білім беру колледждерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттері арасында өткізіледі.

2. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. «Веб-технология» құзыреті бойынша «Abilympics Astana-2025» қалалық чемпионаты IT маманының беделін арттыру мақсатында Астана қаласының техникалық және кәсіптік білім беру колледждерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттері арасында өткізіледі.
- 2.2. Болашақ маманның құзыретін дамыту, тәжірибелік дағдыларды арттыруға және «Веб-технология» саласында қызметкерлердің жоғары шеберлік деңгейін танымал етуге жәрдемдесу.
- 2.3. Кадрларды даярлау, олардың біліктілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасауға жұмыс берушілердің қызығушылығын тарту.
- 2.4. Жұмыс берушілерді өзара ынтымақтастыққа тарту.
- 2.5. IT технологиясы саласындағы қызметкерлердің кәсіби шеберлігін, олардың жұмыс сапасын арттыру, қызмет көрсету саласындағы жұмыс дағдылары мен тәсілдерін жетілдіру.

3. ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН МЕРЗІМІ

- 3.1. «Веб-технология» құзыреті бойынша «Abilympics Astana-2025» қалалық чемпионаты 2025 жылы 22-23 мамыр аралығында Астана қ., Есенберлин к-сі 25, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ колледжі мекенжайы бойынша өткізіледі.
- 3.2. Өтінімдерді Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК қабылдайды, эл почта worldskills.astana2025@astana-modern.edu.kz (Қосымша №1)

4. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

4.1. «Веб-технология» құзыреті бойынша «Abilympics Astana-2025» қалалық чемпионатына 22 жасқа дейінгі ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер қатысады.

4.2. Әрбір оқу орны немесе кәсіпорын өңірлік чемпионат сарапшыларының қатарына қосылатын осы құзырет бойынша бір ілеспе маман (сарапшы) бөледі.

5. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1. Қатысушылардың жасы 22 жастан аспауы тиіс.

5.2. «Веб-технология» құзыреті бойынша «Abilympics Astana-2025» қалалық чемпионаты жеке біріншілік болып табылады

5.3. Чемпионатқа қатысушыға қойылатын міндетті талап – веб-технологиялармен жұмыс істеу дағдыларына ие болу.

5.4. «Веб-технология» құзыреті бойынша «Abilympics Astana-2025» қалалық чемпионатының қатысушысы ұйымдастырушылар тарапынан барлық қажетті әзірлеу құралдарымен қамтамасыз етіледі.

5.5. Чемпионатқа қатысушының нөмірі жеребе арқылы анықталады және жұмыс орнының нөміріне сәйкес келеді.

5.6. Әрбір қатысушының өзімен бірге жеке куәлігі болуы міндетті.

5.7. Чемпионаттың барлық қатысушылары мен сарапшылары еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін сақтауға міндетті (№2 қосымша). Қатысушының қауіпсіздік ережелері мен ережелерін сақтамауы ұпайлардың жоғалуына әкеледі. Қауіпсіздік нормаларын үнемі бұзу конкурсқа қатысушыны чемпионатқа қатысудан уақытша немесе тұрақты шеттетуге әкелуі мүмкін.

6. «БҰЛТТЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАУ» ҚҰЗЫРЕТІ БОЙЫНША «ABILYMPICS ASTANA - 2025» ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫН ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

6.1. «Веб-технология» құзыреті бойынша «Abilympics Astana-2025» қалалық чемпионаты жарыс басталардан бір ай бұрын сипаттамасы мен бағалау критерийлері ұсынылатын модульдер бойынша тапсырмаларды орындауды қамтиды.

6.2. Егер конкурсқа қатысушы қауіпсіздік техникасының талаптарын орындамаса, өзіне немесе басқа конкурсқа қатысушыларға қауіп төндірсе, мұндай қатысушы конкурстан шеттетілуі мүмкін.

6.3. Чемпионат сарапшылары тәжірибелі мамандар мен сала мамандары қатарынан және сарапшы-компатриоттар қатарынан бекітіледі.

6.4. Қатысушының ережелерді бұзуы айыппұл балдарымен жазаланады.

6.5. Практикалық тапсырмаларды орындау уақыты 2 (екі) конкурстық күн.

7. «ВЕБ-ТЕХНОЛОГИЯ» ҚҰЗЫРЕТІ БОЙЫНША «ABILYMPICS ASTANA- 2025» ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ

7.1. Чемпионаттың қорытындысы CIS хаттамасы және оған негізделген сарапшылар хаттамасы негізінде айқындалады.

7.2. Сарапшылар орындалатын конкурстық тапсырмалардың қорытынды көрсеткіштерін чемпионаттың ұйымдастыру комитеті бекіткен әзірленген бағалау өлшемшарттарына сәйкес айқындайды.

7.3. Жиынтық хаттаманың шешімі негізінде «Веб-технология» құзыреті бойынша «Abilympics Astana-2025» қалалық чемпионатының жеңімпаздары (1, 2 және 3 орын) анықталады.

7.4. Номинациялар бойынша марапаттау қарастырылған:

бірінші орын - алтын жүлдегер;

екінші орын – күміс жүлдегер;

үшінші орын – қола жүлдегер.

**Медаль немесе ерекше марапат алмаған кез келген қатысушы
«Abilympics Astana-2025» қалалық Чемпионатына қатысқаны туралы Сертификат
алады**

№1 Қосымша

2025 жылғы 10 наурызға дейін «Веб-технология» құзыреті бойынша чемпионатқа қатысу үшін өтінімдер үлгі бойынша қабылданады:

«Abilympics Astana - 2025» қалалық чемпионаты «Веб-технология» құзыреті бойынша қатысушылар мен сарапшылардың тізімі

Реттік №	Аты – жөні, туған жылы	Ұйым, қатысушы	Жұмыс орны, лауазымы/ оқу орны	Электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі	Жетекші

№2 Қосымша

«Веб-технология» құзыреті бойынша «Abilympics Astana -2025» қалалық чемпионатына қатысушылардың жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқама

ХАТТАМАСЫ

Реттік №	Қатысушы / сарапшы Т. А. Ә.	Нұсқама берілген қатысушының / сарапшының қолы	Нұсқаушы техникалық сарапшының Т.А.Ә.	Нұсқаушының қолы